

2023-2024 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты – оқушыларға әлеуметтік ұйымдастыру, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Елек негізгі орта мектебінде II-жартыжылдығынан бастап әлеуметтік педагог штаты ашылды. Жалпы оқушылар саны – 59 бала болды. Оның ішінде:

- Азқамтылған, атаулы әлеуметтік көмек алатын- оқушылар анықталған жоқ. Көпбалалы отбасынан шыққан балалар саны -

- Атаулы әлеуметтік көмек алатын– анықталған жоқ.

Азқамтылған отбасынан шыққан балалар саны – анықталған жоқ.

Көпбалалы отбасынан шыққан балалар саны – 27

Көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар жоқ. 1-4класс оқушылары үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Тамақтану мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі және кестесі бойынша жүргізіледі. Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуына бақылауды бракеражды комиссия жүзеге асырып, бракераж журналына тіркеліп отырылады. Мектебімізде тегін ыстық тамақпен - 18 оқушы қамтылған. Осының негізінде әлеуметтік төлқұжат жасалды.

2023 жылы желтоқсан айында, мектебімізде әлеуметтік педагог штаты болмасада 29 жұлдызында көпбалалы отбасынан шыққан 27 балаға жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар жоқ, дегенмен қамқорлық жасау мақсатында «Жүректен жүрекке» акциясы жүзеге асты.

I маусым - Халықаралық балалар күніне арналған бүкілқазақстандық акция іс-шаралар негізінде балалардың көңіл-күйін көтеру, құттықтау мақсатында мектеп әкімшілігі және ауылдың дүкен нелері балмұздақ, чупа-чупстер, сағыздар,сусындар алып таратылып берілді. Балалар әрқашан бақытты болсын! Оқушылардың жазғы демалысында лагерь өткізу мақсатында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында қауіпсіздікпен қатар оқушылардың демалысын тиімді ұйымдастыру жайлы айтылды.

Сонымен қатар, «Білім туралы» Заңын орындау мақсатында, мектепте күнделікті оқушылардың сабақты себепсіз босатылуы қадағаланып отырылады. Сабақты жіберуді тіркеу журналдары жүргізілуде. Осыған орай, сабақ босатқан оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізіледі. 2023-2043 оқу жылында себепсіз сабақтан қалған оқушылар анықталған жоқ.

2023 – 2024 оқу жылында жұмыстың нәтижелі болу мақсатында төмендегідей ұсыныстар жасаймын:

1. Өткен оқу жылындағы кемшіліктерді болдырмау мақсатында құжаттарды уақытылы өткізу, ата-аналарға белгілі уақыт аралығын беру.
2. Жыл басынан девиантты мінез-құлықты оқушылармен жұмыс қанағаттанарлық жағдайда жүргізілген.
3. Сынып жетекшілеріне, әлеуметтік оқытушыға девиантты мінез-құлықты оқушылармен алдын алу жұмысын жалғастыру;
4. Пән мұғалімдеріне осы оқушылармен жеке дара жұмыс жүргізу;



Мектеп директорының М.К. Утегенова Ә. Байғазы

Әлеуметтік педагог: Утегенова М.К